



100 ЕГДЕН QАЗАҚСТАН

## Алаш жұрты абызын ардақтады

Мемлекет басшысы Ақтау қаласына жұмыс сапарымен барып, жазушы, мемлекет және қоғам қайраткері Әбіш Кекілбайұлының 80 жылдық мерейтойы аясында орнатылған ескерткіштің ашылу рәсіміне қатысты.



Мерейтой Ақтау қаласында Әбіш Кекілбайұлының атындағы облыстық тарихи-өлкетану мұражайы ғимаратының және ғимарат алдына қойылған жазушы ескерткішінің ашылуымен басталды.

Тау тұлғалы талант, ғұлама ойшыл Әбіш Кекілбайұлының ерен еңбегі қандай құрметке де лайық екенін айтқан Қасым-Жомарт Тоқаев заңғар жазушы, аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерінің рухына тағзым ету тек Манғыстау өнірі ғана емес, бүкіл еліміз үшін маңызды оқиға деп бағалады.

—Біз бұгін рухын ұлықтап отырған Әбіш Кекілбайұлы – адамзаттық болмыстың жоғары деңгейіне көтерілген біртуар тұлға, қазақ халқының ұлы перзенті. Халқымыздың мақтанышына айналған азаматтардың есімін жадымыздан шығармау – баршамыздың парызымыз. Елбасының «Шіркін-ай, осындай қазақтар көбірек болса екен», деп Әбіш ағаға ризашылық білдіруі тегін емес. Зиялы қауым оған айрықша құрмет көрсетіп, «Қазақтың тандайы» деп атады,— деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы Қазақстанның Еңбек Ері атағына ие болған тұңғыш қаламгердің әдебиет әлеміне келгеннен бастап ұлттық сананы сақтау үшін мол үлес қосқанына, ана тілімізді, салт-дәстүрімізді және төл мәдениетімізді дәріптеп, халқына адал қызмет еткеніне тоқталды. Ұлттық болмыс пен ұлттық рух Ә.Кекілбайұлы шығармашылығының діңгегіне айналғанын айтты.

—«Аңыздың акыры», «Елең-алан», «Үркөр», «Шыңырау» – қайталанбас туындылар. Классик қаламгердің бұл еңбектері әлем әдебиетінің алтын қорына тиесілі. Жазушы қара сөздің құдіреті арқылы елдің намысын оятып, рухын көтерді, – деп баға берді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент мемлекетіміздің жетістіктері қаламгердің ұлт тағдыры туралы мақалаларында толық көрініс тауып, қоғамның шынайы сипатын танытқан Әбіш Кекілбайұлының көсемсөзі халықтың рухани азығына айналғанын, занғар жазушының туындыларына тарих пен тәуелсіздіктің арқау болғанын сөз етті.

– Оның білімі, көзқарасы, шын мәнінде, шексіз, бірегей және әмбебап. Әбіш Кекілбайұлы – қазақтың болмыс-бітіміне әлемдік кеңістікten көз салған кемел ойдың иесі. Ұлы Абай «Өлді деуге бола ма, ойлаңдаршы, Өлмейтүғын артында сөз қалдырған» дейді. Әбіш Кекілбайұлының шығармалары ғасырдан-ғасырға ұласатын рухани құндылық болып қалатыны сөзсіз, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев Әбіш Кекілбайұлының ғұлама жазушы ғана емес, аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері екенін, Елбасының сенімді серігі ретінде тәуелсіз Қазақстанның негізін қалауға қосқан үлесі орасан зор екенін атап өтті.

Мемлекет басшысы жазушының еліміздегі жоғары лауазымдарда қызмет істеп, халықтың ықыласына бөленгенін, Жоғарғы Кеңес төрағасы, Мемлекеттік хатшы, Сенатор қызметтерін абыраймен атқарғанын айтты.

– Әбіш Кекілбайұлы тәуелсіздігімізді қорғауға және нығайтуға атсалысқан аса көрнекті қоғам қайраткері болғанына ешқандай күмән жоқ. Өйткені ол қазақтың ой-санасын жаңғыртқан ұлы өзгерістердің басы-қасында жүрді. Көрнекті қайраткер егемен еліміздің тарихи шежіресінде өз қолтаңбасын қалдырды. Оның «Тәуелсіздік – тәтті сөз ғана емес, ұлттық жауапкершілік» деген тұжырымы баршаға ой салады, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев Әбіш Кекілбайұлы ел мұддесін бәрінен де биік қойған нағыз патриот, саналы ғұмырын еліне қалтқысыз қызмет етуге арнаған ардақты азамат, барша жұртқа ұлтжандылықтың озық ұлгісін көрсеткен тұлға екенін айта келе, қазіргі қазақстандық патриотизм үш тұғырға негізделуі керек деп санайтынын мәлім етті.

– Бірінші, патриотизм төл тарихымыз бен шықкан тегімізді терен ұғынудан басталады. Халқымыздың басынан өткен қылыш заманды және ел еңсесін көтерген жетістіктерді жас ұрпақтың білгені өте маңызды. Тұтамырымыз мыңжылдықтарға ұласады. Мұны мақтаныш сезіммен айту – парыз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сондай-ақ ол тарихымызға қатысты көптеген деректі жарыққа шығару қажеттігіне, азаттық үшін күрескен арыстарымыздың есімін ұлықтау арқылы азаматтарымыздың, әсіресе жастардың бойына отаншылдықты дарыта алатынымызға мән берді.

– Екінші, патриотизм мемлекетімізді және мемлекеттік институттарды құрметтеуден басталады. Мемлекетіміздің қазіргі құндылықтарын бағалау баршамызға ортақ міндеп. Береке мен бірлік, тұрақтылық пен тыныштық, татулық пен келісім – біздің басты байлығымыз. Көпшілік, әсіресе жастар мемлекет болмаса, ұлт болмайтынын ұғынғаны жөн. Бүгінгі буын түрлі

қауесеттің жетегіне ермей, ел іргесінің бүтіндігін сақтауға атсалысуы керек, – деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы «Қазақстан патриотизмі» ұфымы бәріміз үшін ұлттық құндылық болуы қажет екеніне, бүкіл идеология Отанды шексіз сүюге бағытталу керектігіне тоқталып, еліміздегі жастар ұйымдарын осы иғі бастамаға жұмылуға шақырды.

– Ушінші, біздің мақсатымыз – ең дамыған мемлекеттердің қатарына қосылып, әлемдегі лайықты орнымызды алу. Отансүйгіштік – жай ғана ұран тастау емес. Қазіргі таңда бұл білім алу, ғылымға ұмтылу, инновация мен технологияны игеру арқылы жүзеге асады. Бүгінгі заман – білектінің емес, білімдінің, яғни, ақыл-ой бәсекесінің заманы, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент жастарымыз Қазақ елін бүкіл дүниежүзіне танытатын жобалар мен бастамаларды жүзеге асыруға талпынуы керек деді. Сонда ғана отаншыл, ұлтжанды үрпақты жаңа геосаясат, геоэкономика жағдайына бейімдей алатынымызды айтты. Қазақстан патриотизмі осындай үш тұғырға негізделсе, тәуелсіздігіміздің нығайып, еліміздің жарқын болашағына жол аштынына тоқталды.

Мемлекет басшысы қазақ зиялышарының салмақты сөзі – тәрбиенің тиімді құралы деп ерекше екпін берді.

– Бүгінгі күні зиялыш қауымның маңызды міндеті өскелен үрпақты патриоттық рухта тәрбиелуе деп санаймын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қазақстан Президенті сөз сонында Әбіш Кекілбайұлының «Үрпағына ие бола алмаған жұрт ұлттықтан айырылады» деген сөзі әрдайым есімізде тұратынын айтып, жазушының мол мұрасы, өнегелі тағылымы осы мақсатқа қызмет ете беретініне сенім білдірді.

Мерейтойдың ашылуына Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Б.Сапарбаев, Ә.Кекілбайұлының жары Клара Жұмабайқызы, елімізге белгілі ақын-жазушылар, қоғам қайраткерлері, жазушының замандас-достары және бірнеше елден келген қонақтар қатысты.

Парламент Мәжілісінің депутаты С.Абдрахманов өзінің құттықтау сөзінде: «Әбіш есімді данышпанды осыдан сексен жыл бұрын қазақ халқы бүкіл әлемге «Осындай да ұл таба аламыз!» деу үшін туғандай қөрінеді. Халқымыз Әбіштей перзентін бір адамның бойына кісліктің де, кішіліктің де, даналықтың да, даралықтың да, саралықтың да, шешендіктің де, көсемдіктің де қатарынан біте алатынын, бір адамның әрі жазушы, әрі ақын, әрі драматург, әрі аудармашы, әрі философ, әрі тарихшы, әрі әдебиеттанушы, әрі өнертанушы, әрі әлеуметтанушы, әрі саясаттанушы, әрі саясаткер, әрі қайраткер бола алатынын дәлелдеу үшін, солардың бәрінде де бір адамның кемелдікке жете алатынын көрсету үшін туғандай қөрінеді», дей келе, қазіргі әлемдегі қалам ұстаған адамға қойылар ең биік талаптың, суреткер атаулы салынар ең қатал сынақтың қандайына да шыдас беретін, әлем әдебиетіндегі ұлы жазушыларға тән қасиеттердің бәрі бар Әбіштің шын кеменгерлігін дәлелдеу, түсіндіру, насиҳаттау жөнінде жүйелі жұмыс жүргізу керектігін айтты.

Ел азаматтары атынан сөз алған мемлекет және қоғам қайраткері З.Алшымбаев пен ақын С.Нұржан Әбіш Кекілбайұлының есімі мен еңбегін ардақ тұтып арнайы келген Мемлекет басшысына, қонақтарға маңғыстаулықтар атынан алғыс айтып, Әбіштің шығармашылық және азаматтық болмысына тың ойларымен төгілте баға берді.

Осы күні Мемлекет басшысы Ақтау қаласына жұмыс сапары аясында Әбіш Кекілбайұлының аты беріліп, жаңа ғимаратқа көшкен Маңғыстау облыстық тарихи-өлкетану музейінің жұмысымен танысты.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев сәуір айында Маңғыстау облысына жасаған жұмыс сапары кезінде аймақ әкімдігіне музей құрылышын сапалы әрі уақтылы аяқтауды тапсырған болатын. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес Әбіш Кекілбайұлы атындағы Маңғыстау облыстық тарихи-өлкетану музейі заңғар жазушының сексенжылдық мерейтойы шеңберінде пайдалануға берілді.

Жалпы, бұл кешен «Әбіш Кекілбайұлы мәдени орталығы» деп аталады. Онда Маңғыстау облыстық тарихи-өлкетану музейінен бөлек, кітапхана мен облыстық музыкалық-драма театрдың ғимараты да салынады. Кешеннің құрылышы биылғы қаңтар айында басталған. Толық аяқталуы 2020 жылдың желтоқсан айына жоспарланған. Оның жалпы аумағы 10,6 гектар жерді құрайды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев облыстық музейдің жаңа ғимаратын аралап көрді. Естелік кітапқа тілегін жазып, қолтаңба қалдырды.

Айта кетейік, орталық алдындағы алаңға орналасқан ескерткіштің авторы – мұсінші, суретші Көшер Байғазиев. Қолдан тұрғызылған ескерткіштің биіктігі – 3,5 метр, салмағы – 3,5 тонна болса, тұғырының биікті – 2,4 метр.

Құны 48 млн теңге тұратын жобаның құрылыш жұмыстары 2019 жылды мамырда NCOC компаниясының демеушілігімен басталған болатын.

Мәдени орталықтың ашылу салтанатына жиналған жұртшылық зергерлер, ағаш, тас қашау өнерінің шеберлері, қолөнершілер мен тігіншілер ұсынған туындыларды тамашалады.

Маңғыстауда жазушының 80 жылдығына арналған шаралар жалғасын таппақ.



**Гүлайым ШЫНТЕМІРҚЫЗЫ** Маңғыстау облысы